

ЖӘДІГЕР

ҚОЛДИІРМЕН – ҰЛТТЫҚ МҰРАМЫЗ

Біздің ата-бабаларымыз бүгінгі ұрпаққа ұлан-байтақ даланы – шапқан аттың тұяғы кетіліп, ұшқан құстың қанаты талатын қазыналы өлкені ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, ақыл-парасат, ойлы да арлы адамгершілік қасиеттері арқасында мұра етіп қалдырған. Олардың өнегесін ұлағат тұтқан ұрпақтары да өмір көшінде бабалар арманын жалғастырып келеді.



Ежелден ата – бабамыз күнделікті тұрмыс-тіршілікте қажетті заттарды қолдан жасап, тұрмысқа ыңғайлап бейімделген. Солардың бірі – қол диірмен.

Алғаш қол диірмен ежелгі Греция мен Римде пайда болған. Оның құрылымы өте қарапайым. Диірменнің негізі дөңес тас болды. Ортасында темір кіндік орнатылған. Екінші, айналмалы таста саңылаумен байланысты екі қоңырау тәрізді ойық болады. Сырттай ол құмсағатқа ұқсайды, іші бос болды. Бұл тас негізге орнатылған. Шұңқырға темір жолақ салынған. Диірменді айналдырған кезде, дән тастардың арасында үгітіліп, ұн төменгі тастың түбіне жиналды. Бұл диірмендер әртүрлі көлемде болады: қазіргі кофетартқыштар тәрізді кішкентайлары болады, екі кісі немесе есекпен айналдыратын үлкендерін тұрмыста қолданылған.

Қолдиірмен негізінде екі қабат дөңгелек тастан құрастырылады. Кейде оны қатты ағаштан да жасап, оған тас қағады. Диірменнің астында «диірмен тері» деп аталатын ұн түсетін жайма болады. Ол мықты болу үшін көбінесе қой, ешкі терісінен жасалған.

Диірмен тастарды дән ұнтақтау үшін қолданған. Дөңгелек айналған кезде дән екі дөңгелектің арасына түсіп, үстіңгі дөңгелектің салмағы мен

төменгі дөңгелек арасындағы үйкеліс күшінің әсерімен ұнтақталған. Бұл адам ой-өрісінің дамығандығының белгісі. Бір жағынан өнертапқыштық деп бағалауға лайық. Алғашқыда диірмен тастарын көлеміне қарай қолмен немесе жануарлардың күшімен айналдырды. Кейіннен су және жел күші пайдаланылды. XIX ғасырдың басында ұн тарту үшін бу қозғалтқышы пайдаланыла бастады.

Диірмен ең алғашында астық үгітуге пайдаланылған. Кейінірек жетілдіріліп, дәнді майдалап ұнтақтайтын болған.

Ежелгі Тараз қалашығынан археологиялық қазба жұмыстары барысында көптеген диірмен тастары табылды және олар әртүрлі пішінде болып келген. Диірмен тасының бөліктері де кездеседі. Домалақ пішінді, тегіс және жиектері тік келген. Диірмен тасы

барлық жағынан өңделген. Алдыңғы беттері сақталмаған, ортаңғы тесіктерінің айналасында доға тәрізді дөңес шеңберлер бар. Шеңбердің ортасынан жиегіне дейін шыққан екі дөңес сызық ортасы тесік шеңберге жалғасады. Екі жағындағы сызық пен шеңбер де олардың сызбаларын қайталайтын сызбалармен шектелген. Тастар сұр түсті. Ұн өндірісінің негізгі процесі дәнді ұнтақтау болып табылады.

Заманауи ұн өндірістерінде дән және оның аралық өнімін ұнтақтау үшін білікті тас диірмен станоктары қолданады. Станоктардың білігі бірі-біріне қарсы және әртүрі жылдамдықпен айналады.

Осыдан барып ұн мен кебек бөліну процесі пайда болған. Бүгінде бұл тарихқа айналып отыр. Ал, қолдиірменді жәдігер ретінде мұражайлардан көреміз.

Біз бәрібір сонау алғашқы қауымдастық құрылыс дәуірінен бастап қазіргі кезеңге дейін адамдар өнертапқыштықты жетілдіріп отырғанын ұмытпауымыз керек. Тарихи жәдігелердің мұражайға қойылатыны да сондықтан.

Зульфия БАЛТАБАЕВА,
«Ежелгі Тараз ескерткіштері»
тарихи-мәдени қорық музейінің
қор сақтаушысы.
Тараз қаласы.

ЖУРНАЛИСТ – ДЕПУТТАТТЫҢ
ҚОЙЫН ДӨПТЕРІНЕН

ҮШ АНЫҚ!

Өткен аптада қалалық мәслихаттағы әріптестеріммен Байзақ батыр көшесі, № 284-үйде болған өрттің салдарынан зардап шеккен Халиуллиндер отбасына барып қайттық. Таңғы 5-тің шамасында немересі Даниилдің қыңқылынан оянган №7 гимназияның мұғалімі Елена Вячеславовна: “Осы періштеміз оятпағанда, бәріміз қырылып қалатын едік” дейді. Бұл бір!



Үйдің кіреберісінен шыққан өрт алдыңғы бөлмелердің ішін жалмап үлгерген екен. Өткен жазда ғана жөндеуден өткен үй ішін толығымен қайта қырып шығу қажет. Барлық тұрмыстық техника жанып кетіпті. Шаңырағы астан-кестең болып жатса да, Елена Халиуллина өзінің нағыз педагог екенін танытты. Өрт кезінде болған ғажап жағдайдың шетін шығарды.

–Үйдің бәрі жанып кеткенде, менің күллі жұмыс жазбаларым сақталған ноутбүгім жалын шарпымай аман қалыпты,- деген ұстаздың сөзіне бас иідім.

Бұл – өз кәсібіне шын бірілген адамның жүрек сөзі болатын.

Бұл екі!

Еленаның анасы, Социалистік Еңбек Ері Петр Гончаровтың қызы Наталья апай келген депутаттарға рахметін айтып, өрт кезінде орын алған тағы бір тосын жағдайға назарымызды аударды. Тоңазытқыштың бетіндегі магнитті жапсырмалардың арасынан мешіттің суреті бейнеленгені ғана жалынның шарпынан аман қалыпты. Ғажап демей көріңіз!

Бұл үш!



P.S. ҚҰДІРЕТІ КҮШТІ ЖАРАТҚАННЫҢ
ҚОРҒАУЫНДА БОЛАЙЫҚ!

ЗАРДАП ШЕККЕН ОТБАСЫНА БҮГІНДЕ МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДАН БАСТАП ҚАЛАНЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫ АЗАМАТТАРЫ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУДА. БҮЛ ІЗГІЛІКТІ ШАРУАҒА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ ҰЙЫТҚЫ БОЛУДА.

Эльмира МЫРЗА-ФАЛИ,
Тараз қалалық "Жамбыл-Тараз" газетінің
директоры – бас редакторы,
Тараз қалалық мәслихатының депутаты.